

**ҒҰЛАМА, ҒАЛЫМ,  
ИМАМ  
ӘЛ-ИСПИДЖАБИ****Кіріспе**

Әл-Испиджабидің өміріне шолу жасау арқылы, біз Қазақ жерінен шыққан бірегей ислам діні ғұламасын көпшілікке таныстырғымыз келді. Көрнекті тұлғаның өмірін зерттеу арқылы оның артына қандай еңбек қалдырғанын біліп жүру және олардан кейінгі ұрпақтың өнеге алуын көздедік. Сонымен қатар ғұлама еңбектерінің жұрт назарына ілігуіне зер салдық, әрі есімін жаңғырту арқылы, тарихымызды жаңартуды көздедік. Сонымен бірге мұндағы мақсат сол кездегі Испиджаб (Сайрам) сияқты қалаларымызда дүние есігін ашып, өсіп-өніп, сол жердің жергілікті ғалым-ғұламаларынан дәріс алып, Самарқан, Бұхара сияқты ислам орталық қалаларына көшіп барып, сол жерлерде сабақ беріп, шәкірт тәрбиелеп, қазылық қызметті басқарған атамиздың қаншалықты жан-жақты білімді де, діндар болғанын бүгінгі ұрпаққа жеткізу болды. Біздің мәдениеттілігіміз, діндарлығымыз, білімділігіміз, батырлығымыз, т.б. көптеген жақсы сипаттарымыз әл-Испиджаби сынды асыл тұлғалардан келе жатқан қасиеті екенін ұмытпау және мақтан тұту. Соларға еліктеп өсу, қазіргі жағдайда біздерге парыз саналады. Жалпы алғанда сол ортағасырдың өзінде, біздің қазақ даласында дамыған алдыңғы қатардағы қалаларда болған. Ол қалаларда өндірістің түр-түрі жолға қойылған. Сол өндірістердің ішінде құрылыс, тоқыма, қолөнер тіпті қару-жарақ бағыттағы дүниелер жасалған. Сөйтіп дүниежүзілік өркениетке өз үлестерін қосқан. Ғұламаларымыз араб, парсы сияқты сол кездегі әлемдік тілдерді жетік білген. Ал әл-Испиджаби араб тілінде «Шарх Мухтасар ат-тахауи» сияқты ислам құқығына қатысты күрделі еңбектерді жазған.

*Испиджаб қаласына қатысты мағлұмат*

Имам әл-Испиджаби – Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты көне «Испиджаб» қаласынан, қазіргі Сайрам ауданынан шыққан көрнекті тұлға. «Испиджаб» сөзі ортағасырлық әдебиеттерде әртүрлі, мыс: Сапиджаб, Аспиджаб, Исфиджаб сияқты жазылып келген Испиджаб сөзі «ақ су» деген мағынаны береді. Бәлкім, сол өлкелерде ағып жатқан Ақсу өзені, ол қаланың Ақ су қаласы деп аталуына ықпалын тигізген шығар. 1030-1014 және 1016-1017 жылдары қазба жұмыстарынан шық-

қан дирхамдарда Испиджабтың екінші атауы «Мадинат әл-Байад» анықталды. Испиджаб қаласының негізгі тұрғындары қарлұқ-түркілері еді. Испиджаб қаласы қазіргі кездегі Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан көне Сайрам қаласының орнында болған. Испиджаб қаласы тым үлкен болмаған. Истахридің тұжырымдауынша, Испиджаб шаһары сол замандағы Бинкет қаласынан үш есе кішірек келген. Испиджаб қаласын тарихи және мәдени тұрғыдан зерттеген ғалымдардың айтуларынша, Испиджаб аумағына кіретін жерлер Арыс өзені алқабынан бастау алып, Кенджида аумағына дейін, Бадам өзенінен де осынша аумақты алып жататын. Сонымен қатар бұған Келес өзенінің алқабы, оған қоса Қаржантаудың тау бөктері де кірген. Шағатай тілінен қазақ тіліне аударылған еңбектердің бірінде, ортағасырдағы Испиджаб (Сайрам) құрамына енетін сол кездегі белгілі қалалардың Тараз, Фараб, Құлан, Суяб, Шавгар, Сауран, Сығанақ және Янгикенттің орталық астанасы болған.

*Есімі жайлы бірер сөз*

Әл-Испиджабидің есіміне келетін болсақ, араб дереккөздерінде оның ішінде табақат кітаптарына жүгінгенімізде оның есімінің өзінде бірнеше мәліметтер берілген. Хаджи Халифа «Кашф аз-Зунун» еңбегінде оның есімін шейх әл-Хафиз Әбу Наср Ахмад ибн Мансур ат-Табари ас-Самарқанди деп келтірген. Ал әл-Қураши әл-Ханафи болса, оның есімін «әл-Джауаһир әл-мудййа» еңбегінде Ахмад ибн Мансур Әбу Наср әл-Музаффари деп жазған. Ас-Сафади болса өзінің «әл-Уафи би-л-уафайат» атты еңбегінде Ахмад ибн Мансур Әбу Наср ат-Тафри деп көрсеткен. Сонымен қатар оның мәшһүр болған есімі Ахмад Жи деп айтқан. Әл-Кафави қолжазбасындағы «Мутафарриқат» сегізінші бөлімінде аш-Шейх әл-Имам әл-Қади Әбу Наср Ахмад ибн Мансур әл-Испиджаби деп жазған. Жоғарыдағы мәліметтерге сүйене келіп, біз әл-Испиджабидың есіміне кеңірек тоқталайық:

- 1) Жалқы есімі – Ахмад
- 2) Әкесінің есімі – Мансур
- 3) Тұрған жеріне қарай бірнеше атпен мәшһүр болған сияқты:
  - а) Ат-Табари;
  - ә) Әл-Музаффари;
  - б) Ат-Тафри;
  - в) Ас-Самарқанди;
  - г) Әл-Испиджаби;
- 4) Куниасы – Әбу Наср (арабтарда бірінші туылған ер баланың атымен атау куниа деп аталады).
- 5) Лақаптары ( танымал есімдері):

- а) Әл-Қады
- ә) Әл-Хафиз
- б) Аш-Шейх
- в) Ахмад Жи

Табақат кітаптарына қарайтын болсақ, әл-Испиджабидің қашан дүниеге келгені жөнінде мағлұматтар кездеспейді. Алайда, оның қашан өмірден озғаны туралы мағлұматтар бар және ол мағлұматтар табақат кітаптарында дәл бір уақытқа яғни хижри 480 жылға тоқталады. Хадж Халифа әл-Испиджабиді 480 жылдан кейін қайтыс болды деген. Дәл осы 480 жылды Ас-Сафади да тура осылай берген. «Му‘джам әл-Муаллифиннің» авторы ‘Омар Рида Каххалада осы 480 жылды көрсеткен. Әл-Қураши болса, қашан қайтыс болғанын мүлдем көрсетпеген. Сонымен біз зерттеп отырған Ахмад ибн Мансур әл-Испиджабидің өмір сүрген ғасыры он бірінші ғасырға сәйкес келеді. Ал оның қайтыс болған жылын хижра санауы бойынша 480 жыл, милади жыл санауы бойынша 1087 жыл деп айта аламыз.

Әл-Испиджабидің қайда дүниеге келгендігі туралы мағлұматтар жоқ. Алайда, оны Испиджаби деп атауы, оның Испиджаб қаласынан шыққандығына айғақ болады.

«Әл-Қанд фи зикр ғұлама Самарқанд» еңбегінің авторы Абу Хафз ‘Умар ибн Мухаммад ан-Насафи өзінің еңбегіне әл-Испиджабидің Самарқан қаласына келгені туралы айтады. Осы айтылған мәліметтерге сүйенсек, әл-Испиджабидің самарқандтық емес, Самарқанға басқа жерден келгені анық айтылып тұр. Ол испиджабтық болғандықтан әл-Испиджаби атымен мәшһүр болып кеткен. Бұл дегеніміз оның Испиджаб қаласында дүниеге келгенін, сонда өсіп жетілгендігін меңзейді. Әл-Кафави қолжазбасындағы келтірілген деректерге сүйенетін болсақ, имам әл-Испиджабидің өз елінен Самарқанға келгенін, өз еліндегі ғұламалардан білім алғанын аңғарамыз. Бұл деректерге сүйене отырып, біз әл-Испиджабидің Испиджабта туылып қана қоймай, сол жерде балалық шағынан бастап, ғалым болып қалыптасқанға дейінгі аралықта өмір сүргенін айта аламыз.

*Әл-Испиджабидің Самарқан қаласымен байланысы*

Әл-Испиджабидің Самарқан қаласымен байланысына келетін болсақ, әл-Испиджабидің өмірі осы шаһары мен тығыз байланыста өрбіген. Самарқан қаласында туылып, өспесе де, оның тұрғынына айналған. Өз заманында ерекше өркендеген, білім-ғылым орталығы саналған Самарқан қаласында оның ғұмырының басым

көпшілігі өткен. Бұлай деп есептеуге табақат кітаптарында оның Самарқан тұрғыны болғандығы жазылған дәлел болады. Олардағы айтылғандарға қарағанда, әл-Испиджаби Испиджаб қаласында туып, Самарқан қаласына көшіп келген және бұл қаланың бір тұрғынына айналған. Сөйтіп оның өмірі Самарқан шаһарымен тығыз байланыста болған. Ол Самарқан қаласындағы жұтшылыққа өзінің білімін мойындатып, сол шаһарда ұстаздық қызмет жасаған. Кейінірек муфтилық қызметке тағайындалған. Халықпен тығыз араласып, көпшіліктің ойынан шыға білген. Соның нәтижесінде үлкен тұлғалық дәрежеге жеткен. Әл-Испиджаби білімінің негізінде Самарқан қаласында қазылық қызметін абыроймен атқарған. Кішкентай қалашықтан сол кездегі мәдениеті мен білімі шарықтаған үлкен қалаға көшіп келіп, сол қаланың бір ардақты адамы ретінде біте қайнасып кеткен.

Қайда оқығандығы жайлы тек бір ғана қолжазбада айтылған. Ол-әл-Кафави. Әл-Испиджаби Испиджабта білім алып, сол шаһардағы ғалымдардан дәріс алған. Ал кімдерден білім алғаны турасында нақты мағлұматтар жоқ. Алайда, Испиджабтан білім алып келгеннен соң, Самарқан сияқты Мауреннаһрдың сол кездегі орталық қалаларындағы ғалымдармен пікір-ой таластыруына қарағанда, терең білім игергені анық. Сонымен қатар ол ұстаздық қызметте атқарған.

#### *Самарқан ғалымдарымен қарым-қатынасы*

Әл-Испиджаби Самарқанға келген соң, ондағы ғалымдармен пікір таластырған. Бұл деректерді де біз әл-Кафави қолжазбасынан табамыз.

#### *Шәкірт үйрету*

Әл-Испиджаби Самарқан шаһарына келген соң шәкірттерге тартымды дәрістер бере бастаған. Сонымен қатар фақиһшыларды (құқықшылар) да оқытқан. Әл-Кафавида әл-Испиджабидің шәкірттерінің қатарында Имам Наджм ад-Дин ‘Умар ән-Насафи де болған. Бұған Имам Наджм әд-Диннің өзі жазған: «Мен әл-Қады әл-Имам әл-Испиджабиден әлгі фатуа туралы сұрағанымда, ол маған жазып жауап берді» деген сөзін айғақ ретінде келтірген жөн.

#### *Самарқан шаһарында атқарған қызметі*

Абу Хафз ‘Умар ибн Мухаммад ән-Насафи әл-Испиджабидің Самарқан қаласына келісімен оның фатуа шығаруға жауапты тұлға болып тағайындалғанын айтады. Бұл дегеніміз әл-Испиджабидің Самарқан шаһарында, дін саласы бойынша лауазымды қызмет атқарғандығын білдіреді. Әл-Испиджабидің фатуа шығару сияқты өте күрделі де жауапты істі мойнына алғанына қарағанда, оның жергілікті басшылармен тығыз

қарым-қатынаста болғандығы анық аңғарылады. Бұл мәселесінде әл-Испиджабиға фатуа ісін мойнына жүктеумен бітпеген. Сол кездегі жергілікті басшылық әл-Испиджабидің білімінің терең екендігін біліп, оған сенім арта отырып, оны қазылық сияқты өте жауапты да, білімді талап ететін орынға тағайындаған. Жоғарыда айтылған қызметтерді мүлтіксіз атқарумен әл-Испиджаби Самарқан халқының ойынан шыға білген. Бұлай деп айтуымызға мынадай себептер мұрындық бола алады. Барлық табақат еңбектерінен және қолжазбалардан біз әл-Испиджабидің халық сенімінен шыққанын көреміз. Көпшіліктің көкейлерінде жүрген сауалдарға толық қанағаттанарлық жауап алған халық оны ғылыми беделді тұлға деп білген. Самарқан мұсылмандары қаланың күнделікті кездесетін айтыс-тартыс мәселелерінде әл-Испиджабиге жүгінетін болған.

#### *Басшылармен қарым-қатынасы*

Әл-Испиджабидің жергілікті Самарқан қаласы басшыларымен қарым-қатынасының тығыз болғаны анық. Бұлай деп айтуымызға әл-Кафавидағы «ас-Сайид Абу Шуджа‘дан кейін, адамдар әл-Испиджабиға беделді тұлға ретінде жолығатын болған» деген куәліктің өзі жеткілікті. Әл-Испиджабидің бұндай дәрежеде танымал болуы тегін емес. Қолжазбада оның ілімін теңізге теңеген. Үлкен құрметке ие болған. Самарқанға келгеннен соң, имамдар және ғұламалармен қызу пікір таластырған. Сонымен қатар студенттерге және фақиһшыларға тартымды дәріс оқи бастаған. Міне, осындай еңбектерімен көпшілік көзіне түскен. «Әл-фудала», яғни құрметтілер оның тіл байлығына, абыройы мен зеректігіне тәнті болып, оны жақсы көрген. Осылайша олар әл-Испиджабиді фатуа мәселесіндегі ең жоғарғы орынға тағайындаған. Сондықтан болар ол қолжазбалар мен табақат еңбектерінде кездесетін әл-Қады (Қази,би) атын иеленген.

Бартольдтің айтуынша, әсіресе, Хорезм, Испиджаб және Сагани басшылары едәуір саяси күшке ие болған. Сол себепті Бұл шаһар басшылары да шаһар тұрғындарының мәдениетіне және біліміне қарай қазылар мен муфтилерді сайлаған. Қашанда қай жерде болмасын, қазылық және муфтилік сияқты саяси және діни рөлі жоғары лауазымдарды тек жоғарыдағы басшылар сайлағаны анық. Макдисидің айтуынша, жергілікті дикандардың кейбіреулері халыққа қатты әсер еткен. Бұл дегеніміз жергілікті халықтың ішінен шыққан осындай бүліктердің дау шешімі осындағы қазылардың еншісіне тиетін болған. Ал әл-Испиджаби бұл жүктелген істі жақсы атқарып қана қоймай, жергілікті халықпен тығыз

араласып, Самарқан тұрғындарының көңілінен шыға білген. Бұлай деп айтуымызға Абу Хафз ‘Умар ибн Мухаммад ән-Насафидің әл-Испиджаби дін мәселелерінде самарқандықтардың қайнар көзіне айналды деуі дәйек болады.

*Әл-Испиджабидің жазған еңбектері*

Табақат еңбектердің барлығында әл-Испиджаби дүниеден озған кезде, көптеген фатуалары сақталған сандық табылғаны айтылған. Ол сандықтағы кітаптарда өз замандастары, фақиһшылардың қателерін анықтап, оларды жасырған. Ондағы мақсаты оларға зиян тимесін деген. Кеткен қателерді жөндеп, пайдаланушыларға қайтадан жаңа фатуалар берген. Жазып кеткен еңбектерінің ішінде басты төрт еңбегі аталған. Олар:

1) Шарх Мұхтасар ат-Тахауи

«Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» әл-Испиджабидің жазған туындыларының ішінде сақталғаны және ең негізгісі болып есептеледі. Бұл еңбектің ерекшелігі сонша, оған түсіндірме жазған ғалымдардың саны оннан асады. Солардың бірі-Имам әл-Испиджаби (480). Оның қолжазбасының бірнеше нұсқалары Түркия, АҚШ және Үндістан сияқты елдерде сақталған. Осындай құнды да, маңызды еңбектердің себебімен, ислам діні Орта Азия жерінде ханафи мазһабінің кең таралуына мұрындық болған. Бұл «Шарх Мұхтасар ат-Тахауи» кітабы көп таралып және көп оқытылғандықтан, бұл еңбекке бірнеше ғалымдар түсіндірме жазған.

«Мұхтасар ат-Тахауи» еңбегіне түсіндірме жазған ғалымдар:

1. Әбу Бәкр Ахмад ибн Али әл Жассас әр-Рази. (370 ж.) қайтыс болған).
2. Әбу Бәкр Мухаммад ибн Ахмад ибн Әби Сәһл Шамсиддин ас-Сархаси (490 ж.).
3. Абу Насыр Ахмад ибн Мансур әл-Музаффари әл-Исбижаби (480 ж.).
4. Баһа әд-Дин Али ибн Мухаммад ибн Исма‘ил ибн Али ибн Ахмад ибн Мухаммад ибн Исхақ әс-Самарқанди әл-Исбижаби (535 ж.).
5. Абу Наср Ахмад ибн Мухаммад ибн Мухаммад әл-Ақта‘ есімімен мәшһүр болған (474 ж.).

2) Әл-Джами‘ ас-Сағир лиш-Шайбани  
Бұл еңбектің әл-Испиджабиге қатысты қолжазбасын таба алмадық. Алайда, басқа авторлардың жазған қолжазбалары баршылық.

3) Шарх әл-Кафи (бұл қолжазбаның да нұсқасы қалмаған).

4) Фатауа ( нұсқасы жоқ)

Бұл жазылған еңбектердің барлығы ханафи хикмәсіне қатысты. Жоғарыда айтылған еңбектерінің ішінде бізге жеткен тек қана Шарх Мұхтасар ат-Тахауи.

*Имам әл-Испиджабидің отбасы*

Әл-Испиджабидің отбасына байланысты ешқандай мәліметтер кездеспейді. Алайда, біз оның отбасы болған деп толық айта аламыз. Бұл сөзімізге оның қуниасының (баласының) Абу Насыр (Насырдың әкесі) деп аталғаны жеткілікті.

*Имам әл-Испиджабидің дүние салуы*

Имам әл-Испиджаби 480/1087 жылы Самарқаншаһарында дүние салған. 1087 жылы қайтыс болғаны туралы деректер табақат еңбектерінде жазылған. Оны біз жоғарыда сөз қылдық. Алайда, әл-Испиджабидің Самарқан қаласында қайтыс болғаны турасында қаланың Чакар-дизақабірстанында жүргізілген қазбалардың нәтижесінде көк тас табылған. Ол тас Өзбекстан мемлекетінің Ғылым Академиясына қарасты Археология Институтының Нумизматика бөлімінде сақталған. Онда жазылған мәтінде: «Бұл қабір шейх, фақиһ, имам, хафиз Абу Насыр Ахмад ибн Мансур аз-Заффи әл-Испиджабига тиесілі» – делінген. Осы тың мәліметтерге сүйене отырып, әл-Испиджабидің Самарқан қаласында қайтыс болғанын, сол қалада жерленгенін анықтап отырмыз.

**Қорытынды**

Жасырылып, айтылмай, тарих қойнауының бір бұлттарысында жатқан қаншама сырлары бар, соның бір бөлігі осы ханафи мектеп өкілі әл-Испиджаби сынды ғұлама еңбегін зерттеу арқылы жаңа да, тың мағлұматтарға қол жеткізу болмақ.

**Әдебиеттер**

- 1 Байтанаев Б.А. Древний и средневековый Испиджаб: диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Алматы: Институт археологии имени А.Х. Маргулана, 2008. – 305 с.
- 2 Бартольд В.В. Сочинения. 1 том. – М.: Издательство восточной литературы, 1963. – 760 с.
- 3 Бартольд В.В. Очерк истории Семиречья. – Фрунзе: Киргизгосиздат, 1943. – 104 б.
- 4 Иванов П.П. К вопросу об исторической топографии старого Сайрама В.В.Бартольду: Туркестанские друзья, ученики и почитатели. – Ташкент, 1927.
- 5 Кочнев Б.Д. Средневековые загородные культовые сооружения Средней Азии. – Ташкент: ФАН, 1976.

- 6 Abu-l-'Adl Zayn ad-din Kasim ibn Kutlubuga. Tadj at-taradjim fi tabakat al-hanafiya. – Байрут: Дар ал-Ма'мун ли-т-турас, 1992. – 419 б.
- 7 Abu 'Abdulla Shams ad-Din az-Zahabi, Tazkiratu al-huffaz. – Байрут: Дар ихиа' ат-турас ал-'араби, 1995.
- 8 Isma'il ibn Muhammad Amin al-Babani al-Bagdari. Hadjyat al-'arifin asma' mua'llifin ua asaru al-musannifin. – Байрут: Дар ал-ихиа уа ат-турас ал-'араби. 1985.
- 9 Muhi ad-din Abu Muhammad ibn Abi al-Uafa' al-Kurashi al-Hanafi, al-Hau fi baian asar at-tahau. – Байрут: Дар ал-кутуб ал-'илмийа, 1999.
- 10 Nadzhm ad-din 'Umar ibn Muhammad Ahmad an-Nasafi. al-Kand fi zikr 'ulama as-Samarkand. – Су'удийа: Мактабат ал-Каусар, 1991.
- 11 Hadzh Halifa Mustafa ibn 'Abdallah. Kashf az-Zunun 'an asami al-kutub ua al-funun. – Байрут: Дар ихиа' ат-турас ал-'араби. 1972.

#### References

- 1 Bajtanaev B.A. Drevnij i srednekovyj Ispidzhab: disser-tacija na soiskanie uchenoj stepeni doktora istoricheskich nauk. – Almaty: Institut arheologii imeni A.H. Margulana, 2008. – 305 c.
- 2 Bartol'd V.V. Sochinenija. Itom. – M.: Izdatel'stvo vos-tochnoj literatury, 1963. – 760 b.
- 3 Bartol'd V.V. Ocherk istorii Semirech'ja. – Frunze: Kirgiz-gosizdat, 1943. – 104 b.
- 4 Ivanov P.P. K voprosu ob istoricheskoj topografii staro-go Sajrama V.V.Bartol'du: Turkestanskije druz'ja, ucheniki i pochitateli. – Tashkent, 1927.
- 5 Kochnev B.D. Srednekovye zagorodnye kul'tovye sooruzhe-nija Srednej Azii. – Tashkent: FAN, 1976.
- 6 Abu-l-'Adl Zayn ad-din Kasim ibn Kutlubuga. Tadj at-taradjim fi tabakat al-hanafija. – Bajrut: Dar al-Ma'mun li-t-turas, 1992. – 419 b.
- 7 Abu 'Abdulla Shams ad-Din az-Zahabi, Tazkiratu al-huffaz. – Bajrut: Dar ihia' at-turas al-'arabi, 1995.
- 8 Isma'il ibn Muhammad Amin al-Babani al-Bagdari. Hadjyat al-'arifin asma' mua'llifin ua asaru al-musannifin. – Bajrut: Dar al-ihia uа at-turas al-'arabi. 1985.
- 9 Muhi ad-din Abu Muhammad ibn Abi al-Uafa' al-Kurashi al-Hanafi, al-Hau fi baian asar at-tahau. – Bajrut: Dar al-ku-tub al-'ilmija, 1999.
- 10 Nadzhm ad-din 'Umar ibn Muhammad Ahmad an-Nasafi. al-Kand fi zikr 'ulama as-Samarkand. – Su'udija: Maktabat al-Kau-sar, 1991.
- 11 Hadzh Halifa Mustafa ibn 'Abdallah. Kashf az-Zunun 'an asami al-kutub ua al-funun. – Bajrut: Dar ihja' at-turas al-'ara-bi. 1972.